**6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған Абдраманова Нурсулу Шермаханбетовнаның «Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздері (кейстік талдау)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми**

# РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

| Р\с № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|---|---|---|---|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: | Абдраманова Нурсулу Шермаханбетовнаның зерттеу тақырыбы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 21.10.2016ж. №4-3131 бұйрығымен деп бекітілген. Кейіннен шетелдік ғылыми кеңесші мен рецензенттердің ұсыныстарына сәйкес тақырып нақтыланып, «білім беру сапасын ішкі бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздерін айқындауда зерттеу бағытының әдіснамалық жаңалық пен практикалық маңызын күшейту мақсатында кейстік талдау енгізілген. Нәтижесінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 16.05.2025ж. № 2290 бұйрығымен тақырып «Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздері (кейстік талдау)» деп қайта бекітілген.<br>Диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасында жоғары білім беру мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдаманың негізгі бағыттарына сәйкес. |
| | | 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);<br>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)<br>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын | Ғылыми зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссия бекіткен 2021- 2023 жылдардағы ғылымды дамытудың «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер», «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулердің» негізгі бағыттарына сәйкес. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | көрсету) | |
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның **маңыздылығы ашылған**/ашылмаған. | Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздері теориялық тұрғыда талданып, жүйеленген. Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың маңыздылығы айқындалған, бағалау құрылымының мазмұны, компоненттері және қалыптастыру шарттары ғылыми негізде педагогикалық психологиялық ғылыми сарланғанып, отандық және шетелдік теориялар мен тұжырымдамалар қарастырылып, зерттеулер мен тәжірибелерге талдау жасалған. Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын бағалауда «ішкі бағалау», «сапаны ішкі бағалау», «білім беру сапасын ішкі бағалау» ұғымдарына анықтама берілген.<br>ЖОО-да ОПҚ білім беру сапасын ішкі бағалауға даярлығының мазмұнына негізделген құрылымдық-мазмұндық моделі құрастырылған. Модель отандық және шетелдік тәжірибелерге сүйене отырып, ғылыми тұжырымдар негізінде әзірленген және оны білім беру ұйымдарында енгізу білімді бағалау тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Диссертацияда зерттеудің маңыздылығы мазмұны бойынша жүйелі, логикалық бірізді қарастырылып, зерттеу пәнін ашып көрсеткен. Жұмыстың өзектілігі, жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы толық қамтылған, педагогика ғылымына елеулі үлесін қосады. |
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі:<br>1) **жоғары;**<br>2) орташа;<br>3) төмен;<br>4) өзі жазбаған | Диссертациялық жұмыс өзінің ғылыми логикалық жазылу стилімен ерекшеленеді, зерттеу барысы жүйелі түрде дамып, автордың жеке ғылыми ізденісінің тәуелсіздігін айқын көрсетеді. Ізденушінің ұсынылған идеялардың қисындылығы, қолданылатын әдістердің нақтылы тағайындалуы, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде өзіндік ұстанымы болғанын айғақтайды. Тәжірбиелік бөлімде ізденушінің сараптама жасауы, зерттеушілік этикасы жоғары деңгейде байқалады. Сауалнама сұрақтарын құрастыру, алынған мәліметтерді статистикалық өңдеу тәсілдері автордың алдына қойған міндеттерін шешу үшін жеткілікті көлемде пайдалана білді. Жалпы алғанда, диссертацияның жоғары дәрежеде |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | орындалғаны айқын көрініп тұр. Оған ғылыми жұмыстарды орындау барысындағы теориялық талдаудың тереңдігі, әдісті орынды таңдауы, тәжірбиенің дұрыс ұйымдастырылуы дәлел болады. Нақты алынған нәтижелер дәйектелген. Ізденушінің дербес жазу деңгейі жоғары деп бағаланып, жұмысты орындаудың жоғары үлгісін көрсетіп отыр. |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:<br>1) **негізделген;**<br>2) жартылай негізделген;<br>3) негізделмеген. | Диссертация тақырыбының өзектілігі Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы стратегиялық құжаттарымен, нормативтік-құқықтық актілерімен және жоғары білімді дамытудың басым бағыттарымен толық үйлесімде негізделген. Зерттеуде білім беру сапасын арттыру мәселесі ҚР «Білім туралы» Заңы, «Педагог мәртебесі туралы» Заңы, «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы», МЖМБС талаптары, сондай-ақ ESG, ISO 21001:2018 сияқты халықаралық стандарттар контексінде қарастырылған. Қазіргі жаһандану, цифрландыру және білім беру кеңістігінің интеграциялануы жағдайында жоғары оқу орындарының қызметі жаңа сапалық талаптарға сай қайта құрылуда. Университеттердің бәсекеге қабілеттілігі мен академиялық беделі олардың ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесінің тиімділігімен тікелей байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, білім беру сапасын ішкі бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздерін айқындау – жоғары білім беру жүйесінің стратегиялық дамуына жауап беретін өзекті ғылыми мәселе болып табылады. Диссертацияда жоғары оқу орындарындағы білім беру сапасын ішкі бағалаудың теориялық негіздері, оның психологиялық-педагогикалық аспектілері, профессор-оқытушылар құрамының даярлығы, кейстік талдау әдісінің мүмкіндіктері және құрылымдық-мазмұндық моделі жүйелі түрде қарастырылған. Сонымен қатар, зерттеуде білім беру сапасын ішкі бағалау жүйесіндегі теория мен практика арасындағы қарама-қайшылықтар нақты айқындалып, оларды шешудің ғылыми негізделген жолдары ұсынылған. Зерттеудің тәжірибелік-эксперименттік бөлігінің болуы, арнайы курс пен элективті пәндердің әзірленуі, ішкі бағалаудың құрылымдық-мазмұндық |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | моделінің ұсынылуы жұмыстың тек теориялық қана емес, практикалық маңыздылығын да айқындайды. диссертация тақырыбы жоғары білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі – білім беру сапасын ішкі бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздерін ғылыми тұрғыдан жүйелеуге бағытталған. Жұмыстың өзектілігі жеткілікті деңгейде дәлелденген, мазмұндық және нормативтік тұрғыдан негізделген, қазіргі білім беру реформаларының талаптарына толық сәйкес келеді. |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:<br>1) айқындайды;<br>2) ішінара айқындайды;<br>3) айқындамайды | Диссертациялық жұмыстың мазмұны «Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздері (кейстік талдау)» атты тақырыпты толық әрі жүйелі түрде айқындайды. Зерттеу құрылымы мен мазмұны тақырыптың ғылыми мәнін, теориялық-әдіснамалық негіздерін және тәжірибелік жүзеге асырылу тетіктерін бірізділікпен ашып көрсетеді. Жұмыс нормативтік сілтемелерден, анықтамалар мен қысқартулардан, кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Мұндай құрылым зерттеу логикасының жүйелілігін қамтамасыз етеді және диссертация мазмұнының тақырыппен толық сәйкестігін дәлелдейді.<br>*Бірінші бөлімде* жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың теориялық негіздері, шетелдік және отандық тәжірибелер, сондай-ақ психологиялық-педагогикалық тұжырымдамалар кешенді түрде талданған. Аталған тарауда зерттеу тақырыбының теориялық-әдіснамалық мазмұнын терең ашып, ұғымдық аппаратты нақтыланған.<br>*Екінші бөлімде* білім беру сапасын ішкі бағалаудың тұжырымдамалық негіздері айқындалып, профессор-оқытушылар құрамының даярлығы маңызды шарт ретінде негізделген. Сонымен қатар, сапаны ішкі бағалаудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленіп, оның компоненттері мен өлшемдері ғылыми тұрғыдан сипатталған. Бөлімде зерттеу тақырыбының мазмұндық және әдістемелік аспектілерін толық ашылған.<br>*Үшінші бөлімде* ұсынылған модельдің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы тексеріліп, алынған нәтижелер сандық және сапалық өңдеу әдістері негізінде дәлелденген. Корреляциялық талдауда |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Спирменнің рангілік корреляция коэффициенті қолданылып, айнымалылар арасындағы мәнді байланыстар анықталғаны зерттеу нәтижелерінің ғылыми негізділігі мен сенімділігін күшейтеді.<br>Сонымен қатар, профессор-оқытушылар құрамына арналған «ЖОО-дағы білім беру сапасын ішкі бағалау моделі» арнайы курсы әзірленіп, оның мазмұнында «Білім беру сапасына ықпал ететін факторлар», «Білім беру сапасын бағалаудың принциптері», «Білім беру сапасын бағалау саясаты» сияқты өзекті мәселелер нақтыланған. Бұл зерттеудің практикалық маңыздылығын айқындайды.<br>Жалпы алғанда, диссертация мазмұны зерттеу тақырыбын толық, жүйелі және логикалық тұрғыда айқындайды, теория мен тәжірибені үйлесімді ұштастырады және қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес құрылған деп бағалауға болады. |
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:<br>1) <u>сәйкес келеді;</u><br>2) ішінара сәйкес келеді;<br>3) сәйкес келмейді | Диссертациялық жұмысының мақсаты айқын, логикалық тұрғыда тақырыпқа сәйкес келеді. «Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздері (кейстік талдау) зерттеу жұмысы тұжырымдамалық-практикалық негіздеу мақсатына жеткен. Зерттеу міндеттері жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалау жүйесінің теориялық және практикалық негіздерін кешенді талдауға, профессор-оқытушылар құрамының даярлығын оның негізгі шарты ретінде айқындауға және озық тәжірибелерді кейстік талдау арқылы анықтауға бағытталған. Сонымен қатар зерттеуде ішкі бағалауды психологиялық-педагогикалық қамтамасыз етудің құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленіп, оның мазмұны жобаланып, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы тиімділігі дәлелденеді. Диссертация құрылымы мақсат пен міндеттерді іске асыру үшін қолайлы ұйымдастырылған. |
| | | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:<br>1) **<u>толық байланысқан;</u>**<br>2) ішінара байланысқан;<br>3) байланыс жоқ | Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылымы өзара логикалық байланыста жасалған. Зерттеу жұмысының құрылымы, тарау мен бөлімдерінің атаулары диссертацияның біртұтастығын білдіреді. Зерттеу теориялық негізделген, эмпирикалық нәтижелермен бекітілген ғылыми тұғырлар жүйесі негізделген. Бірінші бөлімде жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың теориялық-әдіснамалық негіздері, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | ғылыми әдебиеттердегі түсіндірмелері, отандық және шетелдік тәжірибелер талданып, мәселенің теориялық базасы қалыптастырылады. Екінші бөлімде теориялық талдау нәтижесінде ішкі бағалау жүйесінің тұжырымдамалық негіздері айқындалып, профессор-оқытушылар құрамының даярлығы маңызды шарт ретінде қарастырылады, құрылымдық-мазмұндық модель әзірленеді және оны жүзеге асыру мазмұны жобаланады. Үшінші бөлімде ұсынылған модель мен әдістемелік қамтамасыз етудің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы тексеріліп, алынған нәтижелер талданып, дәлелденеді. Қорытынды бөлім зерттеу нәтижелері мен қойылған мақсат-міндеттер арасында логикалық сәйкестікті көрсетеді. Осылайша, жұмыс өзінің тақырыптық тұтастығы мен аяқталғандығын көрсетеді. |
| | | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:<br>1) сыни талдау бар;<br>2) талдау ішінара жүргізілген;<br>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген | Диссертацияда ізденуші ұсынған ғылыми тұжырымдар мен нәтижелер жүйелі әрі мазмұнды сыни талдау негізінде қалыптастырылған. Автор жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалау мәселесіне қатысты отандық және шетелдік ғылыми еңбектерді талдай отырып, қолданыстағы теориялық модельдер мен бағалау тәсілдерінің артықшылықтары мен шектеулерін салыстырмалы тұрғыда қарастырған. Атап айтқанда, сапа менеджменті жүйелері (TQM, ISO стандарттары, ESG талаптары), педагогикалық өлшеу теориялары, ішкі және сыртқы бағалау механизмдері мазмұндық және функционалдық тұрғыдан талданып, олардың жоғары оқу орындары жағдайында қолданылу мүмкіндіктері мен шектеулері айқындалған. Автор тек сипаттап қана қоймай, бағалау жүйелерінің формализмге ұрыну қаупін, психологиялық-педагогикалық компоненттің жеткіліксіз ескерілуін, оқытушылар мен білім алушылардың субъектілік ұстанымдарының әлсіз қамтылуын сыни тұрғыда негіздеген. Сонымен қатар, қолданыстағы бағалау модельдері мен ұсынылған құрылымдық-мазмұндық модель арасында салыстырмалы талдау жүргізіліп, автор ұсынған модельдің жаңалығы – психологиялық-педагогикалық қамтамасыз етуге, кері байланыс мәдениетіне, профессор-оқытушылар құрамының даярлығына және кейстік талдау әдісіне |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | басымдық беруінде екендігі дәлелденген. Осылайша, диссертацияда теориялық көзқарастарды жинақтау ғана емес, оларды талдау, салыстыру, жүйелеу және қайта пайымдау жүзеге асырылған. Автор ғылыми деректерге сүйене отырып, негізделген қорытындылар мен ұсыныстар жасап, мәселені сыни-аналитикалық деңгейде зерделегені байқалады. |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);<br>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем) | Н. Ш. Абдраманованың диссертациялық жұмысы педагогика ғылымындағы білім сапасын ішкі бағалаудың педагогикалық-психологиялық негіздеріне қатысты толық зерттелмеген бірқатар мәселелерді қарастырады: шарттар сапасы, педагогтардың кәсіби даярлық деңгейі; білім беру үдерісін жүйелі ұйымдастыру сапасы; білім беру үдерісін басқару сапасы; нәтижелерді бағалау сапасы бойынша анықтамалар талданып, жаңа анықтамалар ұсынған. Сондықтан әр нәтиже мен қағидаттардың ғылыми деңгейі жаңа. |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);<br>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем) | Диссертация жұмысының қорытындылары жаңа. Себебі, зерттеу жұмысында ұсынылған негізгі тұжырымдамалардың жаңалығы диссертация тақырыбымен, оның мақсаты міндеттерімен, қорғауға шығарылған мазмұнымен арақатынасының сабақтасуымен негізделеді. Диссертанттың жұмысы аяқталған ғылыми зерттеу түрінде ұсынылады. |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);<br>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем) | Рецензияланған диссертация гуманитарлық пән бағыты бойынша орындалғандықтан және техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдерді шешуді мақсат етпейтіндіктен, жұмысты бағалаудың бұл критерийі мұнда қолданылмайды. |
| 6. | Негізгі қорытындылар-дың негізділігі | Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша) | Н. Ш. Абдраманованың диссертациялық жұмысының барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан айтарлықтай дәлелді және негізделген:<br>Біріншіден: жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың педагогикалық-психологиялық мазмұны мен жүйесі отандық және шетелдік тәжірибе негізінде айқындалды. «Сапа», «білім беру сапасы», «ішкі бағалау» ұғымдары нақтыланып, білім беру сапасы кең және тар мағынада қарастырылған. Ішкі және сыртқы бағалау рәсімдері жүйеленіп, білім |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | сапасын айқындайтын өлшемдер кешені анықталған.<br>Екіншіден, профессорлық-оқытушылар құрамының ішкі бағалауға даярлығы білім беру үдерісінің тиімділігін арттырудың жетекші шарты ретінде ғылыми негізделген. Даярлықтың ақпараттық-зерттеушілік, мотивациялық-аналитикалық, әдістемелік және басқарушылық-рефлексивті компоненттері, тиісті критерийлері мен деңгейлері (шекті, жеткілікті, жоғары) сипатталған. Оларды қалыптастыру жүйелілік-белсенділік, құзыреттілік, андрогогикалық және квалиметриялық тұғырлар негізінде жүзеге асырылатыны дәлелденген.<br>Үшіншіден, білім беру сапасын ішкі бағалаудың үдерістік құрауыштары мен кейстік талдаудың параметрлері жүйеленген. Кейстік талдау сапаны формалды емес, мазмұндық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік беретін тиімді құрал ретінде негізделген. Оның бес негізгі өлшемі (қанағаттану деңгейі, шарттар сапасы, үдерісті ұйымдастыру сапасы, басқару сапасы, нәтижелер сапасы) айқындалған.<br>Төртіншіден, жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың мазмұндық-құрылымдық моделі әзірленген. Модель мазмұндық-ұйымдастырушылық және әдістемелік-рефлексивтік блоктарды қамтып, білім беру үдерісін, оқу нәтижелерін және қатысушылар қанағаттануын кешенді бағалауға бағытталған. Бағалау өлшемдері үш деңгей бойынша сараланып, бағалау процедуралары нақтыланған.<br>Бесіншіден, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында арнайы курстар мен оқу бағдарламалары әзірленіп, олардың тиімділігі сауалнама, сұхбат, статистикалық талдау нәтижелері арқылы дәлелденген. Ішкі бағалау жүйесі шынайылық, ашықтық және жауапкершілік қағидаттарына негізделуі тиіс екені айқындалған. Сонымен қатар қателікпен жұмыс жасау технологиясын енгізу сапаны арттырудың маңызды тетігі ретінде ұсынылған.<br>Жалпы автордың қол жеткізген нәтижелері мен қорытындылары ғылыми тұрғыда негізделіп, дәлелденген. |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі | Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:<br>7.1 Қағидат дәлелденді ме? | Қорғауға ұсынылған 4 тұжырым ғылыми негізделіп, логикалық жүйемен сұрыпталып, дәйектелген. Яғни: |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қағидаттар | 1) дәлелденді;<br>2) шамамен дәлелденді<br>3) шамамен дәлелденбеді;<br>4) дәлелденбеді<br>7.2 Тривиалды ма?<br>1) ия;<br>2) жоқ<br>7.3 Жаңа ма?<br>1) ия;<br>2) жоқ<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) тар;<br>2) орташа;<br>3) кең<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>1) ия;<br>2) жоқ | 7.1 Әр тұжырым нақты дәлелденген<br>7.2 Тривиалды емес<br>7.3 Ізденушінің қол жеткізген қорытындыларының жаңалық дәрежесі келесідей:<br>*1-ғылыми нәтиже-жаңа.* Зерттеу жұмысының ғылыми, теориялық негіздеріне сай отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері мен педагогика, психология саласындағы әдіснамалық мәселелер мен жалпы ғылыми ережелерге сүйене отырып, автор жоғары оқу орнында білім сапасын ішкі бағалаудың педагогикалық- психологиялық негіздерін нақтылауға тырысқан.<br>*2-ғылыми нәтиже* – жаңа. Білім сапасы, білім сапасын ішкі бағалау ұғымдарының мәні теориялық тұрғыдан талданып, олардың мазмұндық ерекшеліктері, құрылымдық компоненттері айқындалған, өзіндік анықтамалар ұсынылған.<br>*3-ғылыми нәтиже* – жаңа Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың педагогикалық-психологиялық мазмұны мен жүйесі ашылған. Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың үлгісі құрастырылып, тиімділігі тексерілген.<br>*4-ғылыми нәтиже* – жаңа. Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың педагогикалық-психологиялық негізіне сай жазылған.<br>*5-ғылыми нәтиже – жаңа.* ЖОО-дағы білім беру сапасын ішкі бағалаудың педагогикалық психологиялық негіздерінің мазмұны айқындалып, әдістемесі тәжірибелік-эксперименттен өткізілген, әдістемелік ұсыныстар берілген. Оқытушы-профессорлар құрамына арналған «ЖОО-дағы білім беру сапасын ішкі бағалау моделі» арнайы курсы жасалып, тиімділігі тәжірибеде тексерілген. Әдістемесі тәжірибелік-эксперименттен өткізілген, әдістемелік ұсыныстар берілген.<br>7.4 Зерттеу жұмысының қағидаттарының қолдану деңгейі кең.<br>Теориялық және практикалық тұрғыда гуманитарлық ізденістерде сүйенуге болады.<br>7.5. Диссертацияның негізгі қағидаттары мен қорытындылары қазақ, орыс және |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | ағылшын тілдеріндегі ғылыми мақалаларда, атап айтқанда жұмыстың мазмұны 12 еңбекте жарияланған. Соның ішінде 4 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 2 Scopus базасына енген шетелдік басылымдарда, 5 халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында, 1 оқу құралы бар. |
| 8. | Дәйектілік принципі Дереккөздерінде ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 8.1 Әдістеменің таңдауы негізделген немесе әдіснама нақты жазылған<br>1) ия;<br>2) жоқ | Әдістеменің таңдауы негізделген. Зерттеуші зерттеудіңғылыми теориялық және эксперименттік әдістеріне сүйенеді. Оның ішінде: теориялық әдістер (философиялық, педагогикалық, психологиялық, ғылыми-әлістемелік, оқу-әдістемелік құралдарын зерттеу және талдау; зерттеу мәселесі бойынша диссертациялар мен нормативті-құқықтық құжаттармен ғылыми басылымдармен танысу, зерттеу, анализдеу,салыстыру, синтездеу); эмпирикалық әдістер (бақылау, сауалнама, тест, диагностикалық зерттеулер, эксперимент диагностикалық); түрлері, педагогикалық-психологиялық педагогикалық әдебиеттерді зерттеу (негізгі ұғымдарға терминологиялық және мазмұндық талдау, құрылымдық-мазмұндық талдау), жоғары оқу орындарының педагогикалық тәжірибесін жалпылау және педагогикалық эксперимент, сауалнама, сұрақ-жауап, математикалық статистика әдістерді қолданған. Қолданылған әдістер өз орнымен дәйекті, дұрыс таңдалған. |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:<br>1) ия;<br>2) жоқ | Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері: деректерді өңдеу және талдау әдістерін қолдану арқылы алынған. Тәжірибе нәтижелері сандық та, сапалық та тұрғыдан маңызды деректер қорын құрай алады. |
| | | 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары | Н. Ш. Абдраманованың «Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздері (кейстік талдау) диссертациялық жұмысының теориялық қорытындылары автордың эксперименттік зерттеу жұмыстары негізінде дәлелденген. Білім беру сапасын ішкі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):<br>1) ия;<br>2) жоқ | бағалаудың құрылымдық-мазмұндық үлгісі құрастырылып, тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерілген. «ЖОО-дағы білім беру сапасын ішкі бағалау моделі» арнайы курсының кешені жасалып, тиімділігі тәжірибеде тексерілген. |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ ішінара расталған / расталмаған | Диссертацияда зерттеу мәселесіне қатысты шетелдік және отандық ғылыми әдебиеттерге нақты талдау жүргізілген. Зерттеу жұмысы бірнеше нормативтік құжаттар, айталық Қазақстан Республикасы ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың халыққа Жолдауы; Қазақстанда өмір бойы білім алу тұжырымдамасы; «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңы; Қазақстан Республикасы Жалпыға міндетті білім беру стандарты құжатына негізделіп жүргізілген.<br>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі диссертацияның теориялық-әдістемелік негізін жүйелеуге толық мүмкіндік береді. Жалпы, маңызды мәліметтер нақты сілтемелермен расталып, өзіндік ой тұжырыммен қорытындыланған. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз | Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттер тізімі шолуға жеткілікті және зерттеуде 171 әдебиетке шолу жасалған. Автор білім беру сапасы саласындағы отандық және шетелдік ғылыми дерекқөздерді кеңінен қамтыған. Әдебиеттер тізімінің құрылымы жүйелі және сілтемелер нақты берілген. |
| 9. | Практикалық құндылық принципі | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:<br>1) ия;<br>2) жоқ | Ізденушінің зерттеу барысында қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің теориялық және тәжірибелік маңызы бар. Аталған зерттеу жұмысындағы берілген теориялар мен қағидалар тақырыпқа сай ары қарай зерттелетін жұмыстарға негіз бола алады. |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:<br>1) ия;<br>2) жоқ | Диссертациялық жұмыста қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес алынған нәтижелердің практикалық маңызы айқын және оларды жоғары оқу орындарының нақты қызметінде қолдану мүмкіндігі жоғары деп бағаланады. Зерттеу барысында жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалау жүйесін жетілдіруге бағытталған нақты әдістемелік және ұйымдастырушылық ұсыныстар әзірленген. Кейстік талдау негізінде ішкі бағалау нәтижелерін белгіленген өлшемдер мен көрсеткіштерге сәйкестендіру, бағалау рәсімдерін нақтылау, кері байланыс тетіктерін жетілдіру және сапаны басқару үдерісін |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | жүйелеу бойынша практикалық ұсыныстар жасалған. Берілген ұсыныстарды ЖОО-ның сапа менеджменті жүйесіне енгізу білім беру қызметінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, профессор-оқытушылар құрамына арналған «ЖОО-да білім сапасын ішкі бағалау моделі» арнайы курсы, «Білім сапасын ішкі және сыртқы бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздері: сыни тұрғыда ойлауын дамыту» атты оқу құралы және «Білім беру сапасын бағалаудың педагогикалық-психологиялық негіздері» атты элективті курс бағдарламасы 6В010300 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасының студенттері оқитын «Мектептегі білім беру сапасының менеджменті» пәніне арнайы тақырыптар әзірленіп және СӨЖ тапсырмалары енгізілген. Зерттеу барысында әзірленген оқу-әдістемелер жоғары оқу орындарында, сондай-ақ мамандардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау институттарында қолдануға ұсынылады. Ұсынылған модель мен әдістемелік қамтамасыз ету материалдары білім беру сапасын ішкі бағалау үдерісін жүйелеуге, профессор-оқытушылар құрамының кәсіби даярлығын арттыруға және академиялық басқару мәдениетін жетілдіруге бағытталған. Осы тұрғыдан алғанда, диссертация нәтижелерінің практикалық құндылығы жоғары және оларды білім беру практикасына енгізу мүмкіндігі жеткілікті деп қорытынды жасауға болады. |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);<br>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем) | Жоғары оқу орындарындағы білім беру сапасын ішкі бағалаудағы ұсынылған «ЖОО-да білім сапасын ішкі бағалау моделі» курсының бағдарламасы бойынша практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады. Зерттеу нәтижелерін білім сапасын ішкі бағалауды оңтайландыруға, жетілдіруге және осы бағыттағы жаңа зерттеулер жүргізуге пайдалануға болады. |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы:<br>1) жоғары<br>2) орташа<br>3) орташадан төмен<br>4) төмен | Ізденушінің академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация мәтіні ғылыми стиль нормаларына сай жазылған, ұғымдық аппарат бірізді қолданылған, ой жүйелі әрі дәлелді түрде баяндалған. Жұмыс құрылымы, мәтіндік рәсімделуі және ғылыми тіл мәдениеті зерттеу деңгейіне сәйкес келеді. |
| 11. | Диссертацияға | | Зерттеу барысында білім беру сапасын ішкі бағалаудың психологиялық-педагогикалық |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ескертулер | | негіздері кешенді түрде қарастырылған. Диссертациялық жұмысқа жоғары ғылыми баға бере отырып, келесідей нақтылау сипатындағы ұсыныстыайтуға болады: Зерттеуде отандық жоғары оқу орындарының (Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ, Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті) НААР, НКАОКО, QS рейтингі бойынша сапалық көрсеткіштеріне салыстырмалы талдау жасалған. Аталған талдауды әртүрлі типтегі жоғары оқу орындарының институционалдық ерекшеліктері (зерттеу университеті, педагогикалық университет, өңірлік ЖОО) контекстінде модельді апробациялау нәтижелерімен байланыстыра тереңдету оның әмбебаптығы мен бейімделу мүмкіндіктерін одан әрі айқындауға мүмкіндік берер еді.<br>Аталған ұсыныс диссертацияның ғылыми деңгейіне әсер етпейді және зерттеудің келешектегі даму мүмкіндігін көрсетеді. |
| 12. | Докторант мақалалар ының зерттеу тақырыбы бойынша мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензентт ер докторантт ың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласын ың ғылыми деңгейін зерделейді. | | Докторанттың жарияланған ғылыми мақалаларында білім сапасы, білім сапасын ішкі бағалаудың ғылыми-практикалық аспектілер қарастырылған. Сондай-ақ, мақалалар мен ғылыми еңбектерінің деңгейі айтарлықтай жоғары. |
| 13. | Ресми рецензентт ің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес) | | 1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру |

«6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздері (кейстік талдау)» тақырыбындағы диссертация ғылыми жаңалығы және практикалық маңыздылығы бар, мазмұндық жағынан аяқталған, дербес орындалған ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады. Жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен «Дәрежелер беру қағидалары» талаптарына толық сәйкес келеді.

Осыған байланысты докторант Нурсулу Шермаханбетовна Абдрамановаға «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деген қорытынды жасаймын.

**Ресми рецензент:**
**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а.**

РАСТАЛМЫН: «Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ
КАДР САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ
ЗАВЕРЯЮ: РУКОВОДИТЕЛЯ
УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ
НАО «КазНПУ им.Абая»
ҚОЛЫ ПОДПИСЬ **А.А. Алимбекова**